

# Юбилейные даты

Кәкімбек Салықов

## ҒАЛЫМДЫҚТЫҢ ДУЛДІЛІ

*Murat Aitkhozhinov*

Ақындардың ермегі емес өлеңі,  
Ол – көнілдің бір жалт еткен өлеңі.  
Сүйініш бар, қүйініш бар,  
Өйткені  
Мұнлы өлең – өлеңдіктің тереңі.

Шабыт деген шыдатпайды өкім күш,  
Еткізбейді ол ешкімге өтініш.  
Құлагердің естігендей өлімін,  
Кейде келер  
Көкірек жарған өкініш.

Сол өкініш...  
Сенсің Мұрат бауырым,  
Киял-ғайып түстей өтті дәуірің.  
Қаныш аға жалғасындаі ірі едің,  
Адам үшін тапқан өмір зәруін.

Айды аспанға шығарғандай бір күні,  
Жарқ еттің сен – ғалымдықтың дүлділі.  
Карапайым қазағымның баласы  
Бағын жаңыш, болдың көпке үлгілі.

Жүйрік аттай  
Өрдес еркін құйғыттың,  
Ел қажетін өтер істі тыңдырттың.  
Қара бұлтты жарып шыққан жұлдыздай,  
Болдың иесі сен  
Лениндік сыйлықтың.

Нелер келіп,  
Не кетпейді көнілден,  
Тез басылды жауған құймақ көгімнен.

Жарқ еттің де  
Аққан жұлдыз сияқты,  
Тым асығыс өте шықтың өмірден.

Айта, айта өкінішке тоймаймын,  
«Әттеген-ай!» дегізетін мол қағым.  
Бұғын Мұрат!  
Соның берін құрықтап,  
Дұрыстап бір, есіме алып тойлаймын!

Тәуелсіздік өр қарқыны жайнаған,  
Дәл осы күн келіп қалды сай маған.  
Фадетім сол:  
Карт Алатау бастаса,  
Қызылжардың да қазаны тез қайнаған.

Ой келеді Есіл-Көкше назы ұнап,  
Марапаттау сені болды-ау азырак.  
Осы күні тойды қазақ азайтты,  
Сансыз ақ үй тігуге де қалжырап.

Кешір, інім, осынау құпір ойымды,  
Ол – өзіме жұмсағаным сойылды.  
Қай дағдарыс,  
Қай бөгеттер келсе де,  
Тағдыр бұзбас саған деген тойымды.

Келер алла, алар елден үлесін,  
Құрметтелер Мұрат деген ұлы есім.  
Кейде тойың  
Кештеу өтіп жатса да,  
Бар қазақтың жүргегінде жүресін.

25. 06. 2009  
Астана